

## Түркістан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 42/438-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 қазанда № 5209 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 12/165-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 30.09.2024 № 12/165-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 591-бабының 2-тармағына, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10-бабының 1-тармағы 1-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес, Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Түркістан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері осы шешімге қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/105-V "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2274 болып тіркелген, 2013 жылғы 15 мамырда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) және 2017 жылғы 27 маусымдағы № 13/155-VI "Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/105-V "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4164 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 шілдедегі "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2017 жылғы 1 тамыздағы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Түркістан облыстық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат  
сессиясының хатшысы  
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Л. Тәшімов  
Қ. Балабиев*

Түркістан облыстық  
мәслихатының 2019  
жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 42/438-VI шешіміне  
қосымша

### **Түркістан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері**

р/с №	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану түрлері	Өлшем-бірлігі	Айлық есептік көрсеткішіндегі төлем мөлшерлемелері
1	Ғылыми мақсаттарда	адам-күн	0,1
2	Экологиялық ағарту мақсаттарда	адам-күн	0,1
3	Мәдени ағарту мақсаттарда	адам-күн	0,01
4	Оқыту мақсаттарда	адам-күн	0,01
5	Туристік мақсаттарда	адам-күн	0,1
6	Рекреациялық мақсаттарда	адам-күн	0,1
7	Шектеулі шаруашылық мақсаттарда	адам-күн	0,1